

# егемен

# Қазақстан

## Парасат-ғұмыр

«Дана адам... өзін жарыққа шығара бермейді, сондықтан жүзі жарқын; ол өзі туралы айтпайды, сондықтан ол атақты; ол өзін өзі дәріптемейді, сондықтан ол сыйлы; ол өзін асқақтатпайды, сондықтан ол өзгелер арасында биік болып табылады».

Лао-Цзы (біздің дәуірге дейінгі VI ғасыр).

Ізгілікті қоғамның іргетасы тамырлы тектіліктен, ал адамзаттық ортақ құндылықтар отбасынан бастау алатыны бар. Дәстүрлер мен құндылықтарға негізделген отбасылық үйлесімге қол жеткізу, ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу ата-ана бірлігінсіз, олардың өзара бірін-бірі толықтыруынсыз мүмкін емес. Адам бойындағы асыл қасиеттердің отбасында қалыптасуына отбасылық тәлім бастауларының, халықтық педагогиканың, даналық дәрістері мен көркем әдебиеттің ықпалы орасан зор.

Немат Келімбетовтің «Үміт үзгім келмейді», «Қариялар», «Ұлыма хат», «Күншілдік» хикаяттары мен эсселері адамзатқа имандылық, адамгершілік, отбасының сыйластығы, мейірімділік, отаншылдық, патриоттық, жалпы, гуманистік тәрбие беретін өнегелі де өміршең шығармалар.

Ғылымға да, көркем әдебиетке де, драматургияға да, көркем аударма саласына да, әлем әдебиетіне де мол рухани мұралар қосқан Немат Келімбетовтің ғаламат шығармаларында халқымыздың өткен тарихы, рухани әлемі, аналар мен даналардың, батыр бабалардың ұрпағына қалдырған ұлағаты көрінеді. Ерекше тағдырлы қаламгер тамырлы туындыларының басым көпшілігін аса күрделі нейрохирургиялық операция жасатқаннан кейінгі азапқа толы ауыр жылдары жазған.

Автор қаламынан туған әр шығарма оқырманның іңкәр құштарлығын оятқан шынайы лығында. Адам баласының басына түскен тағдыр тауқыметі арқылы ашылатын адам характерлерін танып, оқырман соған тәнті болады. Тірліктің терең тамырынан үздіксіз нәр алған Немат Келімбетов шығармашылығы мен оның ой кешкен тынымсыз жанын ұққан, қадірлеп, аялаған аяулы ана Қуаныш Тазабекқызы жөнінде әлем оқырмандарының жазған пікірлеріне тоқталып көрелік.

«Үміт үзгім келмейді» хикаят-монологының алғысөзін жазған Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов: «Адамның рухани күш-жігерін, мөлдір махаббатын, өмірге деген құштарлығын көкке көтере жырлаған, тарихи танымдық мәліметтері мол, ежелгі атабабаларымыздың қасиетті шежіресінен сыр шертетін ғажайып туынды, ерлік пен даналықты жыр еткен дастан», – деп кітапты жоғары бағалайды.

Оқырманын бейжай қалдыра алмайтын шығарма шынайылығы, тебіренбесіңе қоймайтын сыршылдығы, тіл шеберлігі мен құндылығы жөнінде Қазақстанның халық жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісов: «Үміт үзгім келмейді» кітабы – адамның, нағыз

адамның өмірге деген ғашықтығының, өмірге деген шеті-шегі жоқ құштарлығының, қайтпас-қажымас қайсарлығы мен кіршіксіз адамгершілігінің, жан жары мен балашағасына деген өлшеусіз мөлдір махаббатының ең биік үлгісі. Немат ініміздің бойындағы Тәңірі сыйлаған құдіретті күштің бірі – тіл. Ол өзі бастан кешкен азаптың зардабын жұртшылық та, әрбір оқырман да дәл өз басынан кешкендей қып кереметтей төкпе тілмен, орамды, бай тілмен жеткізіп берген.

Ал Немат інімнің жан жары Қуаныштың еріне, Құдай қосқан қосағына деген ерлікке бергісіз сүйіспеншілігі, ұзақ жыл төсек тартып жатқан азаматын жас сәбидей әлпештеп, қатарға қосылуына сіңірген ұшан-теңіз еңбегі, сірә, қай ұлттың да, қай халықтың да әйел жыныстысына үлгі боларлық», – дейді.

Түрік тіліне аударылған «Үміт үзгім келмейді» хикаят-монологы жөнінде «Диалог Евразия» тұғырнамасының тең төрағасы Харун Тоқақ: «... Бұл шығармада ислам дінінің қуат-күші, әйелдің парызға адалдығы, күйеуіне құрметі, балаларына аналық сүйіспеншілігі ерекше көрсетілген. Адамдық, адалдық – мәдениеттің ұшар шыңы. Мәдениеттілік, ең алдымен, жүрек қуатынан көрінуге тиіс», – деген еді.

Қаламгер жанының әлем әдебиетімен терең суарылғаны сонша, тарихи танымдық даналық дәрістерінен дидарласқан адам сабақ алып қайтатын. Оқырманын баурап алатын автордың тағы бір тарихи-танымдық, тағылымдық шығармасы ұлына арнап жазған хаттары. «Үміт үзгім келмейді», «Ұлыма хат» ғұмырнамалық деректі хикаяттары ғасырды ғасырға жалғайтын ғажайып ғибратнама. Қайғы мен қасыретті ерен еңбекпен, төзімділікпен жеңіп, ұрпаққа ғибратты өнеге қалдыру да табиғи даналықтың, даралықтың бір сипаты. Өмірді еңбек деп ұққан Немат Келімбетов еңбек еткеннің ешқайсысы жеміссіз қалмайтынын өз өмірімен дәлелдеп кеткен ұлы әке!

Академик Ғарифолла Есім: «Немат Келімбетовтің «Ұлыма хат» эссесі ұрпақтар сабақтастығы үшін, тәрбие үшін аса қажетті өнегелік мағынадағы шығарма. Біріншіден, өз басының толғанысы, өзі сұрыптап жинаған адамдық, елдік құндылықтарды ұрпағына, ұлына жеткізу, ұрпағын қайраткерлік деңгейге көтеру. Екіншіден, мүмкін бұл басты мәселе, миллиондаған жастарға, олардың әке-аталарына аса қажетті дидактикалық шығарма. «Ұлыма хат» шығармасының ғұмыры ұзақ болатынына мен кәміл сенемін. Бұл, әсіресе, мектеп жасындағы жастарға, студент жастарға аса қажетті шығарма. «Ұлыма хатты» әр қазақтың оқуы, білуі қажет. Кеңес заманында біз Николай Островскийдің төсек тартып жатып жазған «Құрыш қалай шынықты?» шығармасын оқып өстік. Сол шығармамен кеңес заманында талай ұрпақ тәрбиеленіп ержетті. Бірақ, Николай Островский адамзаттық құндылықтарға қарағанда, идеологиялық құндылықтарды басым насихаттаған автор болатын. Корчагин, яғни автордың өзі сенімнің құлы болған адам, оған сенім өріс бермеген. Ал, Немат Келімбетовтің шығармасындағы басты кейіпкер – автордың өзі, сенімге берік адам. Бірақ, оның сенімі адамның бойындағы, халықтың бойындағы асыл қазыналарға өріс берген. Немат мырза адамды имандылыққа, жомарттыққа, кісілікке, адамшылыққа, азаматтыққа тәрбиелесе, Павел Корчагин сенімнің құлы болуын насихаттайды. Сондықтан, Немат Келімбетовтің шығармалары тарихи, мәдени, әлеуметтік және дүниетанымдық жағынан Николай Островскийдің «Құрыш қалай шынықты?» шығармасынан әлдеқайда биік туынды», – дейді.

Зерттеу мен көркем аударма саласында ұзақ уақыт жұмыс істеп барып, прозаға келген автор әлем әдебиетінің озық үлгілеріне қойылатын талаптарды өзіне де қоя білген.

Ұлттар баспасынан қытай тілінде басылып шыққан «Үміт үзгім келмейді» кітабының алғысөзін жазған, өмірі аяғымен жер басып көрмесе де, бүкіл Жунго еліне қайсар жігерімен өнеге көрсетіп, жалпақ жаһанды мұқалмас мұратымен мойындатқан, Қытай Халық Республикасы мүгедектер бірлестігінің төрағасы Чжан Хайди: «Нематтың тілі жатық әрі көркем, бүгінгі озандаған өмірде, мәйегі жоқ қысқа ғұмырлы шығармалардың арасынан осындай айшықты көркем шығарманы ілуде бір кездестіре аласың. Шығарманың өн бойында мөлдірлік пен пәктіктің тұнып тұрғаны соншалық, кітапты парақтау кезінде мен көз жасымды тыя алмадым. Кітапты оқып отырған сәттерде

Немат маған бұрыннан таныс досымдай сезілді. Оның хикаяны баяндау тәсілінің қарапайым да тартымдылығы сонша, ол өзі бейне көз алдымда әңгіме айтып отырғандай сезілді, тіпті, бөтен тіл де біздің арамызға бөгет бола алмайды. Біз басқа мемлекеттерде өмір сүріп жатсақ та, тұрмыс қалпымыз ұқсамаса да өмірге деген құштарлығымыз, арманға деген талпынысымыз бірдей – «Үміт үзгім келмейді» атты кітаптың арқауы да осы еді. Меніңше, бұл кітап тек Қазақстанның оқырмандарына ғана емес, дүние жүзі оқырмандарына ортақ», – дейді.

Филология ғылымдарының докторы, жазушы Юрий Боров орыс тілінде басылып шыққан «Күншілдік» кітабына деген ерекше көзқарасын былай білдіреді: «Кітапты аса қызығып оқыдым. Бұл адамзат тарихындағы ең құпия құбылыстардың бірі. Автор Келімбетов адамға тән қасиеттер арасынан күншілдікті жұлып алудың қиын екендігін, бірақ, күншілдік тудыратын қасиеттерден сақ болу туралы кітапта өте жақсы көрсеткен, демек, автор тақырыпты өте жіті зерттеген», – дейді.

Ғалымның «Түркі халықтарына ортақ әдеби жәдігерліктер» деген кітабы түркологтардың қолынан тастамайтын оқу құралына айналды», – деген филология ғылымдарының докторы, мәскеулік Абузар Багиров Немат Келімбетовтің түркітануға сіңірген еңбегін Ахмет бей Агаев, Юсиф Акчуралы, Исмайыл бей Гаспринский, Метиф Чобанзаде секілді түркітанушы ғалымдармен қатар қояды.

Немат Келімбетов «Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі», «Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет», «Жыраулар поэзиясы», қазіргі әдеби процесс жөнінде терең пікірлер айтқан ғалымдығының үстіне, оқымысты филологтардың бірнеше буынына сабақ беріп, тәрбиелеп өсірген ғұлама ұстаз болатын. Шәкірттерінің бірі – профессор Дихан Қамзабекұлы: «...Күні кешегідей жадымызда: аяқ-буыны әлсіз Немат ағайды әр дәрісіне Қуаныш апайымыз сүйемелдеп әкелетін. Ол кісі сабырлы, мейірімді, сүйкімді көрінетін.

Тағдырдың қиын сәттерінде жарына серік, сырлас болған әйелдің жасымаған өр бейнесін біз күнде көретінбіз...

«Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі» басталды да кетті. Дәрісте Күлтегін күркіреп, Қорқыт күңіреніп, Фараби дүрілдеп, Ясауи толғап, Бабыр сыр шертіп жататын. Дұрысы, ауыр науқас ұстаздың жамалын жасқағанымен, ашық, анық, қоңыр, әуезді үні түрік даналарының сөзі мен ойын, даңқы мен дабысын білімге шөлдеген шәкірттердің санасына құя беретін, сіңірте беретін. Содан кейінгі оқу кезеңдерінде «Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет» курсы басталатын. Оқытушымыз – тағы да Немат ағай. Түркі тамырының аруақты кезеңінен рух алған студенттер білік-білімі енді Асан қайғы, Шалкиіз, Доспамбет, Жиёмбет, Ақтамберді, Үмбетей, Марғасқа, Тәтіқара, Бұқар толғауларымен толығатын. Ұстазымыздың артықша қасиеті – мемлекетшілдіктің ұстыны болған жыраулардың тау тұлғасын көз алдымызға елестете алатын. Содан біздің құйқамыз шымырлайтын, арқамыз қозатын, намысымыз артатын, жігеріміз шыңдалатын. Немат ағайдың әр дәрісі үстінде және сол дәрістен шыққан сайын «Қиыннан айла табатын, Дұшпаннан кекті алатын» нөкер ерткен хандар мен шүлеңгір мырзалардың соңынан еріп, XV-XVII ғасырға еніп кеткіміз келіп тұратын», – деп сол күндерді құрметпен еске алады.

Немат аға сияқты ерекше тағдырлы адамды жұбату үшін де тірек-сенім болуға лайық ой салатын ақыл-парасатың, рухани күшің болу керек. Осындай ақыл-парасат иесі Қуаныш ана жөнінде Немат аға бір сұхбатында былай дейді: «Менің басыма ауыртпалық түскенде, сол қиындықтың бәрін көтере білген бірден-бір адам – жұбайым Қуаныш. Ол, өкінішке қарай, осыдан үш жыл бұрын өмірден өтті. Өздеріңіз ойланып көріңіздерші, он жыл бойы орнынан қозғалмай жатқан адамды бағып-қағу дегенің оңай шаруа емес. Екі аяғым мен қолдарым қимылдамайды, ең болмаса, отыра да алмаймын. Неше жылдар бойы Қуаныш суды аузыма қасықтап тамызып отырды. Оған қоса, баланың бірін – балабақшаға, бірін – мектепке апарып-әкелу, күнделікті бітпейтін тұрмыстық ауыртпалықты өз мойнымен көтерді. Мен ол нейрохирургиялық операцияға небәрі 35 жасымда түстім. Қуаныш 26 жасар жап-жас келіншек. Мұхит – 7-де, Қайрат – 2-де. Үйде басқа адам жоқ. Сау кезімде үйімізге жиі келіп, аралас-құралас жүретін адамдардың аяғы тыйылды.

Осындайда жаныма ең жақын, ең жанашыр, ісімен де, сөзімен де демеу болған Қуаныш еді», – деп адамдық болмысымен, табиғи жаратылысымен, ішкі жан тебіреністерімен оқырманын баурап алатын Гауһар-Қуаныш ананың ар тазалығын, жан тазалығын, адамдық, аналық сезімнің түпсіз тереңдігін көрсетеді.

«Ақырет азабын жеңген адам» деген сырсұхбатында Қуаныш ана: «Төсекке таңылғанына бір жыл болғанда «Шәді ақын» атты сау кезінде жазған монографиясы кітап болып, жарыққа шықты. Сонда алғашқы кітабына, тіпті, селт етіп қуана да алмады. Қалай қуансын, өлім мен өмір арпалысқа түсіп жатқан кез. Енжар көз тастады да, сұлқ түсіп жата берді. Мүмкін, ол кітап қара жерді аяғымен тең басып, шапқылап жүрген бақытты кезін еске түсіріп жіберді ме, кім білсін. Әйтеуір, қуана алмады... Ал аудармамен айналыса бастағанымыз, операциядан кейінгі үшінші жыл. Ағаңмен бір кезде қызметтес болған Василий Артемович Жуков деген кісі «Жазушы» баспасының сол кездегі директоры Әбілмәжін Жұмабаевқа барып: «Әбеке! Нематқа көмектесейік. Аударма жасап көрсін. Бір кітап беріңіз», – депті. Ал Әбілмәжін аға: «Бұрын аударма жасап көрмеген адам», деместен армян жазушысы Леонид Гурунцтың «Шіркін, біздің Шушикент» атты романын аударуға ұсынды. Әбілмәжін ағайдың жақсылығы ғой, әйтпесе, көркем аударманы ол уақытта кім көрінгеннің қолына ұстатпайтын еді», – деп еске алса, автор Немат Келімбетов «Үміт үзгім келмейді» кітабында: «...Әдебиет дүниесінің ну орманында жалғыз өзім адасып, у жеген бурыл бөрідей аласұрып жатқанымда, тар жерде маған осы жігіт қол ұшын берді. Жоқ! Қол ұшын берді деу әбес шығар. Дастан менің бүкіл өмірімнің ағысын мүлдем басқаша арнаға салып жіберді. Сол сәттен бастап, әдебиет өмірінің күнделікті тіршілік тынысына етене араласып кеттім. Жалпы, менің қаламымды ұштап берген сол Дастан шығар деп ойладым» – деп жазады.

Сол бір күндерді «Жазушы» баспасының сол кездегі директоры (эсседегі Дастан) Әбілмәжін Жұмабаев та есінен шығармаған екен: «Сол кездері баспада «Достық кітапханасы» деген атпен, жалпы саны 150 томнан тұратын, көп жылдар бойы шығарылуға тиіс үлкен серия жарық көріп жатқан. Бұл серияда орыс әдебиетінің өкілдері бастаған бүкіл одақтас республикалардың аса көрнекті қаламгерлерінің туындылары бар еді. Әдеби қауым арасында «Достық дастаны» деп аталып кеткен сол серия туралы «Социалистік Қазақстан» газетінде шыққан мақаламда мен осыдан отыз жылдай бұрын былай деп жазыппын: «...Нені істесе де байыбына барып, бабына келтіріп істейтін тұрлаулы ғалым, жазушы Немат Келімбетовтің өзбек жазушысы Пірімқұл Қадыровтың атақты Бабыр туралы «Жұлдызды түндер» романын қазақ тілінде еркін сөйлеткені сондай, оны аударма кітап деп айтуға аузың бармайды. Автордың өзі оны әуелден қазақша жазған тәрізді болып көрінеді. Міне, осы бір кітап арқылы біздің әдебиетімізге, тақырыпты былай қойғанның өзінде, көптен-көп соны образдар мен идеялар, түсініктер, сол ағайын елдің тарихына, тұрмыс-салтына, әдет-ғұрпына байланысты дербес хандық құрып, бір орталыққа бағынып, әр алуан жұрттармен дипломатиялық, мәдени, саудасаттық қарым-қатынастар жасап қалыптасқан халықтың тіл қорынан көп-көп кәсіби сөздер, ұғымдар келгенін қанағат сезімімен атап өту керек», – деп жазады естелігінде.

Бұл – әлем классиктерінің шығармаларымен қазақ оқырмандарын таныстырудағы аудармашының ерен еңбегі, қажыр-қайраты, үздіксіз ізденісі, еңбекқорлығы, қайғыдан бақыт жасаған Қуаныш ананың таңғажайып төзімі мен сабыры...

Өзбек классик жазушылары Саид Ахмадтың «Көк жиек», шығыстың көрнекті ойшылдарының бірі, белгілі мемлекет қайраткері, лирик ақын, жазушы Захириддин Мұхаммед Бабырдың (1483-1530) әсерлі бейнесі жасалған Пірімқұл Қадыровтың «Жұлдызды түндер», Василь Козаченконың «Найзағай» романдары мен хикаяттарын қазақ тіліне төгілте аударып, көркемдік сапасы өте жоғары шығармалар қалдырады.

Немат ағаның аударма саласындағы алғашқы еңбегі «Жазушы» баспасынан 1977 жылы басылып шыққан армян жазушысы Леонид Гурунцтың «Шіркін біздің Шушикент» кітабы. Кітаптың сүйінші данасын көргендегі көңілкүйін Немат аға «Үміт үзгім келмейді» кітабында: «Дастан әкеп, жастығымның жанына қойып кеткен кітаптың кереметтей әдемі

мұқабасынан көз алмай, қанша уақыт телміріп қарап жатқанымды білмеймін. Әйтеуір, өзім бастап оқуға жүрегім дауаламайтын сияқты. Сен тек бірінші бетін ғана оқып шықтың, Гауһар. Одан кейінгі беттерін саған оқытқам жоқ. Сен келген тұстан бастап, арғы жағын мен өзім мүдірмей жатқа айта жөнелдім. Мен үш күн бойы ертелі-кеш ауыз жаппай он жеті баспа табақ хикаятты бастан-аяқ жатқа ай тып шықтым. Өйткені, жан төзгісіз азапта он ойланып, жүз толғанып жатып жазған әрбір сөз бейне бір тасқа қашап түсірілген әріптердей мәңгілікке өшпес боп, ойымда өзінен өзі жатталып қалған еді. Зейнетінен гөрі бейнеті көбірек осы бір аударма ісі мені сөз өнеріне ғана емес, темірдей төзімді болу өнеріне де баули түскендей еді.

Бұл – мен үшін үлкен жеңіс еді. Бойымды мақтаныш сезімі кернеді. Аяқ-қолдан бірдей айырылып, жан шыдатпас аурудан аза бойы қаза боп, қысқа күнде қырық өлген жан ғана түсінетін шығар мені. Ұзақ түнге кірпік қақпай, аузыңа сыймай ісіп кеткен әлсіз тілімен кітап беттерін жалап ашпай тұрып, мені түсіну қиын болар, сірә. «Мен қалам ұстаған жоқпын. Ең қиыны – қалам ұстай алмайтынмын. Алдымда жатқан кітапты парақтап аша да алмаймын ғой. Менің айтқанымды жазып отыратын да, кітаптың беттерін аударып ашып беретін де – жұбайым Қуаныш еді. Ол менің айтқан сөйлемдерімді қайта-қайта көшірумен, өшірумен, жарамсыз қағаздарды жыртумен болды. Мәселен, көлемі жиырма баспа табақ болатын украин жазушысы Василь Козаченконың «Найзағай» романын сегіз рет қолымен көшіріп шыққан еді», – деп өткен күндерді еске түсірді.

Аударма жасаудағы бар мақсатымыз, балаларды аш қалдырмау. Естіген адамға жеңіл көрінетін болар, ал менің денеме темір кигізіп қойған, еркін тыныс алудың өзі арман еді. Дәрігердің салған дәрісінің күші тек екі сағатқа жарайды, одан соң қайта қиналысқа түсемін. Міне, біздің әр аудармамыз осындай қиындық үстінде жазылған», – дейді.

Көркем шығармадағы автор тебіренісі мен толғанысын, табиғи табиғатын аудармашы өзгеріссіз өзінен өткізу арқылы оқырманға аударма тіл арқылы жеткізуі керек. Тіл нәрі мен құнарын, бояуын жеткізе алмаудан асқан аудармашы үшін азап жоқ. Міне, осы жауапкершілікті жан-тәнімен сезінген Немат аға төсіне қойылған тығырық – тіреуішке сүйелген кітаптың парақтарын тілінің ұшымен ашып, шығарманы қайта-қайта аудару арқылы, аудару үстінде іздену, шындалу арқылы, қимылсыз жатқан қол-аяғын елеместен еңбек етеді. Ауыр кезеңдердің өзінде де жеке басынан рухани жауапкершілікті биік қоя білген Немат ағаның кәсібіне деген шексіз адалдығын көреміз.

Ауру азабы мен аударма азабын арқалаған Немат аға күн өткен сайын еңбек ауруын ұмыттырып, бойына күш-жігер бергенін, енді аударма азап емес, ләззатқа айналғандығын айтады. «Ең бастысы – сен менің қолымнан іс келетініне имандай иландың. Сенің бойыңдағы сол сенім маған таусылмас күш-жігер берді. Сендегі сол пәк сенімді ақтау үшін мен бәріне де әзір едім...»

Қайсар жігермен өмірдің ғажайыптарын жасай білген Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі, Франц Кафка және Күлтегін атындағы сыйлықтардың лауреаты Немат Келімбетовтің ерлік пен өрлікке толы өмір жолы, шығармашылық жолы ұрпаққа үлгі-өнеге болып табылады.

Райхан МӘЖЕНҚЫЗЫ